



АСТАНА АКШАМЫ

АСАНӘЛІНІ ӘЛЕМ АРДАҚТАЙДЫ

Елордада өткен сенбі қүні «ЭКСПО-2017» халықаралық мамандан-дырылған көрмесінің мәдени бағдарламасы аясында Қазақстанның Еңбек Ері, КСРО халық әртісі, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Асанәлі Әшімовтің 80 жылдығына арналған «Астана» І дүниежүзілік театр фестивалі шымылдығын тұрді. Мұнымен қоса әйгілі әртістің құрметіне кинопталық ашылды.



Киноапталықты «Қазақфильм» АҚ Мәдениет және Спорт министрлігінің тапсырысымен түсірген «Сыр тұнған Айсберг» атты өміrbаяндық деректі фильм ашты. Кинотуындыда сахна майталманының өмірі мен шығармашылығы жайлы сыр шертіліп, әріптестері мен достары естеліктемен бөлісті. Отбасы мүшелері де сөз сөйледі.

«Асанәлі Әшімов сияқты бірегей тұлғаның тағдырын бір фильмге сыйдыру мүмкін емес. Сондықтан фильмді түсіру өте күрделі болды. Асанәлі аға мен үшін азыз адам. Ол туралы фильмді жастардан құралған шығармашылық ұжым болып түсірдік. Картинаны түсіруге 4 ай уақыт жұмсадық. Бұйыртса, қыркүйек айында картина Алматыда жалпақ жүртқа көрсетіледі» дейді фильм режиссері Олжас Баялбаев.

Киноапталық 23 маусымға дейін созылады. Ал дүниежүзілік театр фестивалі әлі бір аптаға, яғни 26 маусымға дейін жалғасады. Осыған орай Бейбітшілік және келісім сарайында сахна саңлағының өмірі мен өнеріне арналған көрме ашылды. Көрермендер бұл көрмені аралап, алғашқы қүні «Астана – Мюзикл» театры қойған Ж.Пресгурвиктің «Ромео мен Джульєтта» мюзиклін тамашалады.

Фестивальге еліміздің атынан У.Шекспирдің «Асауга тұсау» комедиясын сахналаган «Жастар» театры, Р.Отарбаевтың «Бейбарыс сұлтан» тарихы драмасын көрерменге ұсынған М.Әуезов атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық драма театры, бүгін Ш.Айтматовтың «Қызыл орамалды шынарым» лирикалық драмасымен сахнаға шығатын Қ.Куанышбаев атындағы мемлекеттік академиялық Қазақ музыкалық драма театры қатысып жатыр.



Сондай-ақ, Еуропа мен Азияның ұжымдары – А.П.Чехов атындағы Мәскеу көркем театры (Ресей), Янка Купала атындағы Ұлттық академиялық театры (Беларусь), Қытай ұлттық театры (КХР), Даугавпилс театры (Латвия), Корей Республикасының «Мулькёль» театры (Оңтүстік Корея), Шота Руставели атындағы Мемлекеттік кәсіби драма театры (Грузия), Берлин драма театры және К.Жантошев атындағы Ыстыққөл облыстық музыкалық драма театры (Қырғызстан) келіп қатысада. Қырғыз бауырларымыз қазақ қаламгері, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Сәбит Досановтың «Адамзаттың анасы» шығармасын алғып келді.

Ал қазылар алқасының құрамында Сирежол Мари-Кристин (Франция), Милковски Томаш (Польша), Исрафил Исрафилов – (Әзіrbайжан), Георгий Пряхин (Ресей) және Лаша Чхартишвили (Грузия) сынды театр мамандары бар. Ал төраға – Асанәлі Әшімов. Фестивальдің шымылдығын 26 маусым күні «Қазақстан» орталық концерт залында өтетін мерейтой иесінің шығармашылық кеші жабады.

**Аманғали ҚАЛЖАНОВ,
Құндыз ҚАНАГАТҚЫЗЫ**